

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 19 мамыр N 51-II

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Z960019_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

10-баптың он үшінші абзацындағы "резервтік қорынан" деген сөздер "резервінен" деген сөзбен ауыстырылсын;

11-баптың екінші бөлігінің сегізінші абзацындағы "резервтік қорынан" деген сөздер "резервінен" деген сөзбен ауыстырылсын;

13-бапта:

екінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға қатысты бөлігінде көзделмеген шығыстарды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органның жергілікті бюджет құрамындағы резервінің көлемі туралы, сондай-ақ материалдық-техникалық, азық-түлік медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құру туралы шешімдер қабылдайды;"

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- бекітілген бюджет нысаналарына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді және материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құрып, пайдаланады;"

29-бап алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК